

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE
OF TURBULENCE»**

2 часть

2015

Астана

УДК 339.9(063)
ББК 65.5
Ә 52

Редакция алқасы

МАДИЯРОВА Д.М. – төрағасы, э.ғ.д., профессор
РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі
АХМЕТЖАНОВА С.Б. - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты
АЗАТБЕК Т.А. – э.ғ.д., профессор
ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. – э.ғ.д., профессор
РАИМБЕКОВ Ж.С. – э.ғ.д., профессор
ШАЛБОЛОВА У.Ж. – э.ғ.д., профессор
КӘРІБАЕВ Ә.А. - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»
СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ. - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры
ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешекономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

ISBN 978-601-301-521-7

УДК 339.9(063)
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

ISBN 978-601-301-521-7

название отчета, то «Вода для человека, вода для жизни». Акцент сделан на том, что существование человека без воды невозможно.

В свете трансграничного характера водные ресурсы, как фактор, могут быть основой сценария долгосрочного сотрудничества или напротив дезинтеграции стран ЦА в решении проблем эффективного использования водных ресурсов р.Сырдарья и сохранения Аральского моря. Очевиден и тот факт, что стабильные и интенсивные международные контакты способствуют решению межгосударственных проблем и нахождению компромисса. Долгосрочное партнерство необходимо рассматривать как в рамках ранее созданных межгосударственных объединений, так и предлагаемого межгосударственного водно-энергетического консорциума.

В силу трансграничного характера водных ресурсов р.Сырдарья, все вышерассмотренное приобретает еще большую актуальность из-за конфликта интересов стран в силу неодинаковых по размеру – площади территорий и плотности населения, запасам – ресурсному потенциалу, в целом приоритетов развития стран ЦА.

Список литературы

1 <http://www.gosup.ru/>

2 Современные тенденции в совершенствовании управления водными ресурсами в государствах – участниках СНГ. – Алматы, 2013. – с. 52.

3 Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2013 года № 1423 О проекте Указа Президента Республики Казахстан "О Государственной программе управления водными ресурсами Казахстана и внесении дополнения в Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 957 "Об утверждении Перечня государственных программ"

4 www.stat.gov.kz

5 <http://www.stat.uz/>

6 <http://www.stat.tj/>

7 <http://stat.kg/>.

8 <http://voprosik.net/kuda-idet-srednyaya-aziya/>

ЕЛІМІЗДЕГІ БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПҚЕРШІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ШАРАЛАР

Ғ.Қ. Амренова, Г.С. Сақтағанова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ., Қазақстан

Қазақстанда мемлекет пен бизнес тек экономикалық мәселелерді шешетін толыққанды серіктес қана болып қоймай, сондай-ақ, әлеуметтік мәселелерді де шешуі тиіс. Республикада әлеуметтік ынтымақтастық мәдениетін және дамыған

өндірістік қоғамның құнды өнегесін нығайту – мемлекетіміз алдындағы міндеттердің бірі.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев кәсіподақтарға "жаңа заңнамаларға байланысты кәсіпорындарында қоғамдық бақылаушылар ролін атқаруға ұсыныс жасаған. "Көптеген кәсіпорындарында, әсіресе шетелдік өндіріс орындарында кәсіподақ ұйымдары құрылмағандығы белгілі. Осыған байланысты жұмыс берушілер кәсіподақ пікіріне қарама- қарсы позицияны ұстанып, ұялмастан еңбек туралы заңын және өздерінің жұмысшыларының құқықтарын таптауда ", - дей келе, "Әлеуметтік жауапкершілік көзқарасы тұрғысынан қарағанда, жалпы мемлекет өзінің қызметін тиімді атқарып келеді, енді кезек бизнес өкілдеріне де жетті", - деді Н. Назарбаев өз сөзінде [1].

Барлық жағдай жасалып, бизнес аяғынан тік тұрғаннан кейін енді өзіміздің іскерлеріміздің жай адамдарға бет бұруын күтеміз. Қазақстанда жұмыс істеп жүрген шетелдік компаниялар да осыны түсінулері керек. Мемлекет бизнестің әлеуметтік жауапкершілік саясатынан жаңа жұмыс орындары пайда болатынына, жұмысшыларға кепілдендірілген әлеуметтік пакет беріліп, барлық экологиялық талаптардың орындалатынына сеніммен қарау керек. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бүгінгі заманда мейірімділік ретінде ғана қабылданып қана қоймай, сондай-ақ компанияның капиталын ұлғайтатын және іскерлік қасиетін көтеретін тиімді қызмет ретінде пайдаланылады. Бұл бизнестің өз еркімен қоғамның әлеуметтік, экономикалық, экологиялық салаларының дамуына үлес қосу қажет. Бұл жерде әрбір компания өзінің қарамағында жұмыс істейтін жұмысшыларға көмек көрсетулері жөнінде мәселе көтеріліп тұрғаны анық.

Сонымен, осы бағытта жүргізіліп жатқан мемлекеттік шараларға да тоқтала өтейік. Қазақстандағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруды ынталандырудың мемлекеттік шараларының бірі мемлекеттік ануиетті компаниялардың құрылуы. Мемлекеттік ануитетті компания Қазақстанда ануиеттік сақтандырудың дамыту мақсатында құрылған алғашқы және жалғыз мемлекеттік мамандандырылған ұйым. МАК негізгі міндеттерінің бірі – жұмысшының еңбек міндеттерін атқару кезіндегі өміріне және денсаулығына төнген залалдарға жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі және зейнетақымен қамтамасыз ету жөніндегі заңдарының орындалуына көмек беру [3]. Жұмыс берушіге компания ануитетті сақтандару қызметін ұсынады, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жұмысшы тосын оқиғаға тап болған жағдайда, яғни жұмысшы мүгедек немесе қаза тапқан жағдайда МАК зардап шеккен жұмысшыға немесе оның қарауындағы жандарға әлеуметтік төлемді іске асырады. Айта кету керек, жұмысшы өз қызметкерлерінің өмірін сақтандырған жағдайда, салық кодексінде кіріс салығы және әлеуметтік салықтарды төлеуде салықтық жеңілдіктер қарастырылған. Бүгінгі күні Қазақстанның 700-ден астам ірі мекемелерімен ануитетті келімшарттар жасалған. Мемлекеттік ануитетті компанияның серіктестерінің арасында Қазақстанның ірі өндірістік мекемелері – «Миттал Стил Темиртау» АҚ, АҚ, «Қазақмыс» корпорациясы, «Қазақтелеком» АҚ және тағы басқалар. Еңбек қорғау стандарттарын сақтау –

жұмыс орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Жыл сайын еңбек қызметіне байланысты әлемде 2 миллионнан астам адам қаза тауып, 200 миллионға жуығы ауру-сырқат алады. 2003 жылы Халықаралық еңбек қорғау ұйымы қаза тапқандары еске алудың халықаралық күні концепциясын өзгертуді ұсынды, және негізгі упор өндірісте орын алуы мүмкін тосын жағдайларды және кәсіби сипаттағы ауруларды алдын алуға берілу қажеттігі жайында айтылды. Сонымен қатар, 3 ереже шығарған болатын:

1. Өндірістегі өлімдер алдын алуға мүмкіндігі жоқ фотальды жағдай емес;
2. Тосын жағдайлар – өздігінен орын алмайды;
3. Ауру – жоқ жерден пайда болмайды.

Жаңа заманғы бизнес қоғамнан тыс болуы мүмкін емес. Қазақстандағы әлеуметтік жауапкершілік қызметтің өндірістегі барлық бағыттарында кездеседі: кәсіптік, кадрлық саясатта және серіктестіктермен қарым-қатынаста. Алайда, көптеген ұлттық компаниялар әлі де болса бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі ұғымын жете түсінбей жүр. Компаниялар егер де әлеуметтік жобаларға қаражат бөлсе ғана, әлеуметтік жауапкершілік критерийлерін орындап жүрміз деп есептейді. Сондықтан да рынок қатысушылары мұндай шығындар бизнес үшін қажетсіз деп санап, оның көлемін барынша минималдап, өз имидждерін төмендетіп жатқанын байқамайды. Ал, әлемдік тәжірибеде мұндай жағдайларсыз, яғни әлеуметтік жауапкершілікті сезінбей, қоғам қалауы бола алмайтынын және белгілі дәрежедегі өсім болмайтынын айтады. Дүниежүзілік экономикалық форумда әлемдік жетекші 132 компания корпорациялық әлеуметтік жауапкершілік компания жетістігінің үлкен себепшісі санайтынын айтқан. Алайда, елімізде бұл ұғым әлі де болса толықтай таралып, түсіндірілмей жатқанын айта кету керек.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мемлекет алдында және қоғам алдында үш сфера бойынша қарастырылу керек:

- Тұлғаларға немесе жұмысшыларға ішкі фирмалық еңбек жағдайы. (нақты кірістер, біліктілікті жоғарлату, еңбек қауіпсіздігі, қарамағындағы жұмысшылардың жеке қызығушылығы)
- Гуманитарлық көрсеткіштер және аймақтық қызметке байланысты бағдарламалар
- (жұмыс бастылық, тұрғын-үй және экономикалық бағдарламалар, әлеуметтік мәселелерге бағытталған қаржылардың жергілікті бюджетпен байланысы)
- Ұлттық экономикаға жеке секторлардың пайда көрсету жауапкершілігі (ұлттық қауіпсіздік ұзақ мерзімді елді дамыту, халықтың жалпы өмір сүру ұзақтығы, экология)

Осылайша, бұл бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі экономикалық модельінің негізгі кілті - адам құндылықтарын, адам ресурстарын, адам капиталын дамыту. Еліміз үшін де бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің қазақстандық үлгісін қалыптастыруымыз қажет. Ол жана үлгі ұлтымыздың мінез-құлқы мен дәстүрі бойынша тағайындалып, экономиканы дамытуға, қоғамдық қатынастарды, көп ұлттық мәдениетті өрлетуге, халқымызды рухани жетілдіруге себепші болары анық. Қазақстандық үлгі серіктестік пен өкілеттің, мемлекет пен бизнестің, азаматтық қоғам

институттары мен кәсіпкерліктің арасындағы байланысты нығайтатын әлеуметтік диалог болар еді. Сондай-ақ, еліміздегі аймақтық проблемаларды, экологиялық мәселелерді шешуде, әртүрлі салаларда қажетті білікті мамандар дайындап, жалпы жұмысшылардың жағдайын жасап тағы сол сияқты әлеуметтік мәселелерді бірлесе шешімін табар еді [4].

БҰҰ-ның бизнестің 10 пайыз әлеуметтік жауапкершілігін алға бастыру туралы Жаһандық келісім атты бастамасы, кәсіпкерлердің әлеуметтік қызметтерін жүйелеу, оны қоғамның шынайы мұқтаждарына сәйкестендіру проблемаларына арналған болатын. Қазақстанда бұл мәселені жүзеге асыруға қатысты жүйелі көзқарас Президенттің 2011 жылғы Жолдауынан бастау алды. Осы бастаманың еліміздегі алғашқы қадамдарынан бастап КӘЖ (корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік) стандарттарын қазақстандық бизнестің күнделікті тәжірибесіне енгізуді Мемлекет басшысы “Атамекен” одағына тапсырған болатын. Өз кезегінде “Атамекен” бұл жұмысты Үкіметпен, оның ішінде нақтылы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен тығыз қарым-қатынаста жүргізіп келеді.

«Жасыратыны жоқ, бірқатар кәсіпорындарда, әсіресе шетелдік кәсіпорындарда кәсіподақтар ұйымы құрылмаған. Соның салдарынан жұмыс берушілер кәсіподақтарға қарсы бағыт ұстайды, шімірікпестен еңбек заңдылықтарын және өз жұмысшыларының құқықтарын бұзады», – деп атап көрсетті Президент бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі алғашқы форумда. Жұмыс берушілердің тарапынан өрескел тәртіп бұзушылықты болдырмау және еңбеккерлердің құқығын қорғаудың тиімді әдісі ретінде жана Еңбек кодексі қабылданды [2].

Жұмысшылар мен жұмыс берушілердің арасындағы барлық қатынастарды заңды түрде реттейтін ұжымдық еңбек шарттарының жасалмауы осындай дәрменсіздіктің салдары. Еліміз бойынша ұжымдық еңбек шарттарын жасасу деңгейі 12 пайыз ғана болып отыр. Бұл бүгінде жұмыс істеп жүргендердің 80 пайызы қажет болған жағдайда өз мүдделерін қорғай алмайды деген сөз.

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде орта және шағын бизнестің дамуы маңызды орын алады. Орта және шағын бизнестің ІЖӨ-дегі үлесі 25%, жеке секторда экономикалық белсенді халықтың 60%-ы жұмыс істейді. Орта және шағын бизнес көбінесе сауда секторында шоғырландырылған.

Бизнестің 46%-сауда, автомобильдерді жөндеу саласында ашылса, 14%-құрылыс, 12,1%-жылжымайтын мүліктер операциясы, ал 10,9%-ы ғана өндіріске тиесілі. Орта және шағын бизнесті дамытудағы заңнамалық актілердің сапасы өте төмен. Республикада Салық кодексін түсіндіретін 400 әр түрлі құжаттар шығарылған.

Салықтық жеңілдіктер, соның ішінде, орта және шағын бизнестің ашылғанынан бастап екі жыл ішінде толық салықтан босату, үшінші жылы-75%-ға жеңілдік, 4-ші жылы 50%-ға, ал 5-ші -25%-ға жеңілдік берілуі орта және шағын бизнесті дамытуға жағдай жасайды [5, 146.].

Қазақстанда бизнес әлеуметтік жауапкершілігі жоғары кәсіпорын ретінде үш деңгейден өтуі қажет:

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің бірінші деңгейі – кәсіпорындардың өз жұмыскерлеріне жоғары мөлшерде жалақы төлеу;

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің екінші деңгейі - кәсіпорындардың өз жұмыскерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне әлеуметтік пакет көлемінде кепілдік беру.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің үшінші деңгейі кәсіпорындардың халықаралық стандарттар негізінде қоғамдық бақылауды нығайтатын мөлдірлік есептемені енгізу және оларға салықтық жеңілдіктер беру болып табылады.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің тиімділігін анықтайтын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға, кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды даярлауға, аурудың алдын алу шараларын қаржыландыруға, мөлдірлік қағидатқа негізделген бизнесті жүргізуге, әлеуметтік есептемені жүргізуге арналған шығындардың жалпы шығындардағы үлес салмағы және салалық көрсеткіштен ауытқуы сияқты автор тарапынан қаржылық-экономикалық индикаторлар ұсынылып отыр. Жастарды жұмысқа алу квотасы жұмыскерлердің жалпы санынан 10 пайыздан төмен болмауы және бір жылда бір қызметкерге денсаулығын жақсартуға 20 мың теңгеден төмен емес қаржы бөлу бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін жоғарылатады [5].

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар – бұл тауарлар мен қызметтерді өндіру және сату жолымен пайда алу мақсатында өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орнықты бизнес-құрылымдар. Бұл ретте әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың алған пайдасының бір бөлігі өңірлердің әлеуметтік, экономикалық немесе мәдени мақсаттарын іске асыру үшін қайта инвестицияланады.

Қазіргі уақытта қала мен ауыл халқының тұрмыс деңгейіндегі теңсіздік күшеюде, кірістердегі өңірлік айырмашылықтар да қомақты. Ауылдық жерлерде ел халқының 43 %-ы тұрады, ресми статистика деректері бойынша оның шамамен үштен бірінің кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен. Бұл жағдай ел халқының тұрмыс деңгейі бойынша жіктелуін күшейтеді, қоғамдағы әлеуметтік-саяси ахуалға келеңсіз әсерін тигізеді, адами даму көрсеткіштеріне және елдің инвестициялық беделіне ықпал етеді.

Ауыл шаруашылығындағы орта және шағын кәсіпорындар, шаруа қожалықтары техникалық артта қалушылықты өздігінен еңсере алмайтындығы әрі қазақстандық өнімді қомақты көлемде экспортқа өткізуді ұйымдастыра алмайтыны анық. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар шағын және орта кәсіпкерліктің экономикалық мүмкіндіктерін шоғырландырады, технологиялық жаңғырудың локомотиві рөлінен көрініп, белгілі бір өңірлік кластердің бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне ықпал етеді.

Жеке сектор, әсіресе, шағын және орта бизнес елдің экономикалық өсімін белсенді қамтамасыз етумен қатар, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге де атсалысуы тиіс. Астанада өткен «Global Compact» ұстанымдары негізінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру шараларына қатысу» тақырыбында өткен дөңгелек үстел осы мәселені талқылауға арналған болатын. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру бағыты, Елбасы айқындап

бергендей, жалпыұлттық идея деңгейіне көтерілуі қажет. Мемлекет пен бизнестің әлеуметтік саладағы жауапкершілігін ретке келтіру, экономиканы тұрақты дамытудағы алғы шарттардың біріне саналады. Бизнес форумда бизнестегі әлеуметтік жауапкершіліктің қоғамдық маңызы және оның БҰҰ-ның әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы жаһандық келісімінің ұстанымдарын жүзеге асырудағы рөлі сөз болды. Отырысқа қатысушылардың пікірлерінше, елдің нақты экономикалық секторына ықпал етіп жатқан дағдарыс жұмыспен қамту нарығындағы ахуалды қиындатып, елдің күнкөріс жағдайына кері әсер етуде. Дәл осыған байланысты бизнестің қоғамдағы рөлі біршама арта түскені мәлім. Қалыптасқан жағдай бизнес саласының қоғамнан тыс өмір сүре алмайтындығын көрсетіп отыр. Яғни бизнес пен әлеуметтің арасы алыстауға тиіс емес. Жиынның басты бағыты да осы екеуінің арасындағы сәйкестік пен жақындықты кеңейте түсуге арналып отыр [6].

«Ел боламын десең бесігіңді түзе» демекші, бәсекеге қабілетті дамыған 50 ел қатарына қосыламыз деп жан таласып жатқан еліміздің алдында тұрған басты міндет – елдің әлеуметтік жағдайын түпкілікті жасау. Ол дегеніміз елдің денсаулығы, білім сапасы, яғни халықтың өмір сүру деңгейі. Сонымен бірге жоғары білікті жұмыс күші, алдыңғы қатарлы технологиялар, инновациялық әлеует сияқты мамандандырылған факторларды дамыту есебінен, сондай-ақ қолайлы іскерлік және инвестициялық ахуал, инновацияларды ынталандыру үшін жағдайлар жасау, өнім сапасын арттыру есебінен еңбек өнімділігін іске асыру болып табылады.

Осы аталған міндеттерді тек мемлекет мойнына іліп қана қоймай, өз жауапкершілігіне бизнес те алса, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, мемлекет алдына қойған мақсаттарды орындауы да жеңіл болар еді. Ел экономикасын арттыру дегеніміз аймақ экономикасын жетілдіру және сол арқылы барша халықтың тұрмыс деңгейін жоғарлату деген сөз. Сондықтын да бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аймақ экономикасын дамытудың негізі ретінде қарастырып, аталмыш жаңа қалыптасып келе жатқан әлеуметтік жауапкершілік жаңа ұғымына көңіл бөлетін уақыт келді.

Біздің міндетіміз барлық мақсаттарымызға қол жеткізу үшін сапалық және тиісті құқықтық базаны жасау.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ҚР Президентінің 2013 жылғы 23 қаңтарда қабылданған № 523 «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі конкурс» туралы жарлығы // Егемен Қазақстан. - 2013. - 25 қаңтар.
- 2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012-2014 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 34-тармағына сәйкес жасалған «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» туралы ережесі
- 3 Омарбеков М.А. Социальная ответственность бизнес – важный аспект развитие гражданского общества// Бауыржан қоры. Қазақстандағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі: аңыздар, ағымдағы күйі, болашағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 176-178с.

4 Сарсембаева Р.Б. Социальная ответственность бизнес: гендерный аспект// Бауыржан қоры. Қазақстандағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі: аңыздар, ағымдағы күйі, болашағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. –4-6с.

5 ҚР Үкіметінің 2012-2014 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралардың 34-тармағына сәйкес жасалынған «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» туралы ереже. – Астана.: Ақорда, 2013.

6 М.Алмасбекұлы. Бизнес пен әлеуметтің арасы алыстамау керек// Алаш айнасы, 17 қазан 2014

УДК 338

СОЦИАЛЬНО ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ВНУТРЕННЕГО ТУРИЗМА ЧЕЛЯБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

З.В. Аракчеева

Магнитогорский государственный технический
университет имени Г.И. Носова, г. Магнитогорск, Россия

На современном этапе, по оценкам специалистов, культурный и природный потенциал России используется в целях туризма только на 20 процентов. По сравнению с уровнем европейских и многих развитых азиатских стран эта цифра является ничтожно малой. Основные задачи и цели любого вида туризма это, восстановление работоспособности, поддержание и укрепление здоровья людей является одной из важнейших задач государства, необходимо с особым вниманием относиться к созданию мотиваций и условий для здорового образа жизни населения. В связи с этим развитие регионального туризма становится актуальной задачей и одним из реальных инструментов оздоровления нации.

Но многих сегодня, так же, интересует вопрос состояния и перспектив развития туризма на региональном уровне, в частности - на уровне Челябинской области. Какие виды туризма могут развиваться на этой территории. Одной заинтересованности малого и среднего бизнеса недостаточно, так как развитие туризма в целом зависит от многих факторов это:- географический; климатический; культурно-исторический; природный; наличие экологически «чистых рекреационных зон»; промышленная специализация региона; национальный состав региона; вероисповедание.

Основополагающим стал фактор занятости населения за счет сокращения в регионах промышленного производства, и высвобождения рабочих и служащих, приватизации и разрушения системы лечебно-оздоровительных учреждений на всех уровнях, быстрое накопление капитала и его вложение в те отрасли туризма, которые за короткий срок дают «суперприбыль». Это и привело к развитию однобокого коммерческого международного выездного